Балалардың үйге қайтуы	Табиғи материалдармен ойын ойнауды ұсыну Апта бойғы жұмыстар бойынша ақпарат беру.				

Тексерілді:
Әдіскер: Сабитова З.А. 01.02.22ж
Тәрбиешілер: Зейделова Б.М.
Бердикожанова Ж.Ш

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Ақпан айы 2022 жыл IIапта

Мектепке дейінгі ұйымы: КМҚК «Балауса-Балғын» бөбекжай»
Топ: «Балдырған» II-кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 14.02-18.02.2022

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 14.02.2022**	**Сейсенбі 15.02.2022**	**Сәрсенбі 16.02.2022**	**Бейсенбі 17.02.2022**	**Жұма 18.02.2022**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру**(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу. Отбасында шыныңу маңызы жөнінде ақпарат алу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, Үстел үсті ойыны «Ұқсасын тап», Дидактикалық ойын «Дәл осындайды тауып ал», «Анасын тап» Саусақ ойыны «Биші адамдар», Суретпен әңгіме:«Салыстыр да, атын ата» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ойыншықтарды топтастыру, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы тірі табиғат нысандарын бақылату. **Балармен жеке жұмыс.**				
Таңертенгі жаттығу	Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығулар жасату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгіпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Көңілді видео муызка сүйемелдеуімен қою. Қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу **(музыка)**				

Серуен	Серуен №3 Желді бақылау	Серуен № 4 Бұлттарды бақылау	Серуен №5 Ауладағы ағаштарды бақылау	Серуен № 6 Маусымдық өзгерістерді бақылау	Ақпан Серуен №7 Терек ағашын бақылау
	Мақсаты:өлі табиғат туралы білімдерін байыту; табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. **Бақылау барысы:** **Ұйытқыма жел** Ө. Ақыпбекұлы Ұбырып-шұбырып, Ұйтқиды құбылып. Ұлпадай ақ қарды, Ұршықтай үйіріп. Ұлиды қасқырдай, Ұйтқып көз аштырмай. Екпіндей соғады, Алдыға бастырмай. **Баларға сұрақтар:** -Бүгін ауа райы қандай? *(суық, желді, аязды)* -Қыс мезгілінде желді қалай атайды? *(боран,ускірік)* -Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай анықтауғаболады?(компас пен, зырылдауықпен) -Жел қалай пайда болады? - Тәрбиеші түсіндіреді: Күн ауаны бірдей жылытпайды, бір жерде-жылы, бір жерде-суық. Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел пайда болады. **Еңбек** Жолдарды, орындықтарды, ұсақ архитектуралық мүсіндерді қардан тазалау. Мақсаты: бір-біріне достық көмек беруге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Қимылды ойын** «Мысық пен тышқан».	**Мақсаты**: -Аспан және оның біздің планетамызға әсері жайлы түсініктерін кеңейту; -Аспан әлемінің әсемдігін қабылдауларын дамыту **Бақылау барысы** **Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:** 1,Етек жеңі жиналмай,Дауыл тұрса дым қалмай. Түйдектеліп көшеді, Тоз-тоз болып өшеді. 1.Көшіп жүріп желменен, Сеуіп шықты тамшысын, Қыраттарға шөлдеген. Күн сайын күн өзендер мен көлдерді, теңіздер мен мұхиттарды қыздырады. Судың ұсақ түйіршіктері аспанға көтеріліп бірігеді де, аспанда бұлт пайда болады. Бұлттағы су түйіршіктері ауыр тартқан кезде, олар жерге жаңбыр болып төгіледі. Бұлттар – шарбы бұлттар және түйдек бұлттар деп аталады. Шарбы бұлттар ашық күндері пайда болады, ал, түйдек бұлттар жауын немесе қар жауарда пайда болады. **Балаларға сұрақтар.** -Бұлттар қандай болады? -Олар қайдан пайда болады? -Бұлттар нелерге ұқсайды? **Зерттеу жұмысы** Апспаннан атқа немесе түеге ұқсас бұлтты табу. Шарбы бұлттар мен түйдек бұлттарды салыстыру. **Еңбек** Жолдар мен	**Мақсаты** : ағаштар туралы білімдерін молайту;ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру **Бақылау барысы** **Көркем сөз «Қыс»** **Р.Сәбитұлы** Қар жамылды бақтарым Қыратым да, сайым да. Тағыпты қыс ақ қарын, Үкі етіп қайыңға. Бүркеніп ақ желекті, Жарқырайды маңайым. Ойға шомып теректің, Ақ шалыпты самайын. **Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:.** -Ағаштардың жазғы бейнесі қандай еді?? -Күзде қандай болды? -Қазіргі бейнесі қандай? -Кімнің есінде, ағаштар жапырағын неге түсіреді? -Айналадағы ағаштар бейнесі қандай? **Зерттеу жұмысы** Алма ағашы мен қайың ағашының қысқы тұрқын салыстыру **Еңбек** Жолды қардан тазалау. **Мақсаты:** аула қараушыға көмектесу. **Қимылды ойын:**	**Мақсаты:**: Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін қалыптастыру; -Қыс аяғындағы табиғат көрністерін (су тамшылары, қардың жібуі т.б.) көре білуге баулу. -Өлең жолдарындағы қыс көрністері туралы бейнелеуді таба білу туралы білімдерін бекіту. **Бақылау барысы** Оңтүстіктен жел соқты. Ол өзімен жылылық ала келді. Түс кезінде төбелерден су тамшылары көрінді. Көктемнің жақын қалғаны табиғатта білінеі бастады. Ақпан қыстың соңғы айы. Ақпан айында күн ұзара бастайды. Күннің шуағы молаяды. Үй шатырларынан мұз сүңгілер пайда болады. Ақпанда жылылық сезіледі. Күртік қарлар аласара бастайды. Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: -Жиегіне шатырдың, Мұздан шеге қатырдым. (сүңгі) Балаларға сұрақтар -Қыста неше ай бар? -Қыс айларын ата? -Қыстың ең соңғы айы қай ай? -Ақпан айында табиғатта қандай өзгерістер болады? -Мұз сүңгілері қайдан пайда болады? **Зерттеу жұмысы** Ыдыстарға қар толтырып,	**Мақсаты:**Балалардың ағаштар туралы білімдерін молайту;Ағаштарға қамқор болуға тәрбиелеу. **Бақылау барысы** **Тәрбиеші әңгімелейді:** Адам таза ауамен тыныс алады. Адам демінен шыққан ауа-қайта жұтуға жарамсыз. Біз үнемі таза ауа жұтып жарамсыз етіп отырғандықтан, таза ауа бір жақтан келіп тұрмаса, жер бетінде ауа қалмас еді. Ал, таза ауа қайдан келеді деп ойлайсыңдар? Таза ауа ешқайдан келмейді. Айналамыздағы ағаштар біздің демімізден шыққан ауаны жұтып, өзі үшін қажетті иісті ұстап қалып, онымен қоректенеді де, ауаны тазартады. Үйлердің айналасында, көшеде, аулада өсіп, жапырақ жайып тұрған ағаш неғұрлым көп болса, ауа да соғұрлым таза болады. Таза ауамен тыныс алған адамның дені сау, өмірі ұзақ болады.сол себептен бабаларымыз «Өмір жасыңды ұзартқың келсе ағаш ек» деген. Ауыл маңы терек, Терек егу керек. Әсем биік теректер, Балаларды өбектер. -Теректер қайда көбірек өседі? *(қалада.)* -Қалада тағы басқа қандай ағаштар өседі -Ағаштар қалада не үшін керек? (ағаш жапырақтары

	Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру. «Ата мен әже силықтары» тақырыбында жеке әңгімелер ұйымдастыру. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не істейді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**1.Сурет салу** Тақырыбы : «Аппақ қар» /Білім кидс/ БМ:Балаларды қылқалам ұшымен қағаздың бетіне нүктелерді қою сурет салу тәсілімен таныстыру. ДМ:Зейін, ойлау қабілеттерін, түйсігін дамыту. ТМ:Балалардың қылқаламмен жұмыс жасауға деген қызығушылықтарын қалыптастыру.Оқу қызметінде белсенділік көрсетуге және ұқыптылық пен төзімділікке тәрбиелеу **2. Құрастыру 0,5** **(II-IV апта)**	**1.Жаратылыстану** Тақырыбы : «Наубайшы» БМ:Балаларды наубайшының еңбегімен таныстыру. Нанның қасиеті туралы ұғым беру. ДМ:Қабылдау қабілетін, тілін, түйсігін дамыту. ТМ:Балалардың нанға деген ерекше құрметін ояту,наубайшы еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. **2. Музыка** (Пән жетекшінің жоспары б/ша)	**1.Көркем әдебиет 0.5 (I-IIIапта)** «Аспазшы» Ермек Өтетілеуұлы Б/м: балаларға мамандықтар туралы түсінік беру. Д/м: әр мамандықтың өзінің қызығы мен қиындығы болатынын түсіндіру. Т/м: үлкендерді еңбегін бағалауға тәрбиелеу. **2.Сенсорика 0,5** **(II-IV апта)**	**1.Сөйлеуді дамыту 0,5** **(II-IV апта)** **2.Дене шынықтыру.** (Пән жетекшінің жоспары б/ша)	**1.Музыка 0,5** **(II-IV апта)** (Пән жетекшінің жоспары б/ша) **Жапсыру 0,25** **Мүсіндеу0,25** **(I-IIIапта)**
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киеді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындай алады. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**).				

	Қимылды ойын «Мысық пен тышқан». **Мақсаты:** -Ептіліктері мен жылдамдықтарын дамыту; -Әр бағытта жүкіруге жаттықтыру **Жаттығу ойындары** Қозғалыстарын дамыту. *Мақсаты:* Қар лақтыру кезінде көз мөлшерлей білулерін дамыту, лақтыру кезінде қол сүйектерін белсенді қозғалта отырып, нысанаға тигізу ***Халық болжамы: Мысық жылы жерді паналаса, қатты аяз болады***	**Еңбек** Жолдар мен сырғанақтарды қардан тазалау.. **Мақсаты:** бірлесе жұмыс істеуге үйрету, жұмыс нәтижесіне қуана білу. **Қимылды ойын:** «Қар үстіндегі хоккей». *Мақсаты: шайбаны қақпаға домалатуға үйрету.* **Жаттығу ойындары** Қимылдарын дамыту. *Мақсаты:* -Сырғанауға үйрету; -Сырғанау кезінде отыруға үйрету. ***Ма□ал-м□тел: Мезгіл жетсе м□з ерір.***	**Қимылды ойын:** «Кім аққалаға бұрын жетеді?» Мақсаты: доға астынан еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру. Халық болжамы. Ит қарға аунаса, қарлы боран болады. Мысық қабырғаны тырналаса, бұрқасын боран болады.	**Зерттеу жұмысы** Ыдыстарға қар толтырып, біреуін көлеңкеге, біреуін күннің астына қою. Серуен аяғында қай ыдыстағы қар төмен түскенін салыстыру **Еңбек** Кіші балалар тобының алаңын қардан тазалауға көмектесу Мақсаты: достық қарым-қатынаста еңбек етуге тәрбиелеу. **Қимылды ойын** «Төбешіктен-төбешікке». Мақсаты: ұзындыққа секіру дағдыларын қалыптастыру **Жаттығу ойындары** «Кім жылдам». Мақсаты:Жылдам жүкіруге жаттықтыру; — Орнында тұрып ұзындыққа секіру техникасын меңгерту. Халық болжамы: Мұзсүңгі ұзын және жиі болса, көктем ұзақ, ас мол болады.	көмір қышқыл газын өз бойына сіңіріп, таза ауа өндеп шығарады) -Теректің соңғы жапырақтары қашан ұшып түседі? *(күз соңында.)* -Неге ағаш жапырақтары күзде түседі?(*себебі қыста ағаштар ылғалды көп жоғалтпас үшін)* **Зерттеу жұмысы** -Ауладағы ағаштарды қарау. Қай ағаш қалай тұр. (кейбір ағаштар бұтағы сирек, тікесінен сыйдиып тұр. Кей ағаштар бұтақтары қармен төмен иіліп тұр т.б.) **Еңбек** Кіші топ балаларына қар жинауға көмектесу. Мақсаты: кішкентайларға көмек көрсетуге деген ынталарын арттыру, адамгершілікке тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Бәйге» Мақсаты: тәрбиеші белгісі бойынша жүкіруге үйрету **Жаттығу ойындары** Бір аяқпен секіру Мақсаты: жоғары секіруге және жерге дұрыс түсуге жаттықтыру. Мақал-мәтел: Бір тал кессең, он тал ек. **Тыйым сөздер:** Өсіп тұрған ағашты кесуге немесе балталауға болмайды. От жағуға қураған ағашты пайдалану керек. Табиғатты бақылау қар бетіндегі балалардың басқан іздерін салыстыруды

					ұйымдастыру **(қоршаған ортамен таныстыру) (сенсорика)** Еркін ойындар
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. **(дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» көркем сөзді эмоциалы қабылдауды үйрету. Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Күндізгі ұйқы	Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру. **(көркем әрекет)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар).**				
Бесін ас	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Фланелеграфтағы жіпке шармен жалаушаларды кезектестіріп орналасырумен жапсыру **(жапсыру)** Ірі және ұсақ моншақтарды мүсіндеу арқылы мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру **(мүсіндеу)**	Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру. **(музыка)** Екі бөлікке бөлінген аңдар суреттерін қосып сәйкестендіру **(сенсорика)**	Шырша бетіндегі шамдарды бояу**(сурет салу)**	Ойыншық балықты судан аумен аулау арқылы қолдың қимыл әрекеттерін дамыту. Фланелеграфта аквариумға балықтарды белгіленген орындарына орналастыру **(сенсорика, жапсыру)**	Фланелеграфтағы жіпке шармен жалаушаларды кезектестіріп орналасырумен жапсыру **(жапсыру)** Ірі және ұсақ моншақтарды мүсіндеу арқылы мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру. Қағаз бетінде салынған моншақтарды бояу

					(сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) Еркін іс әрекеттер
Балалармен жеке жұмыс	Д/о: «Ғажайып қапшық» Мақсаты: баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту.	Үстел үсті ойыны: «Бөліктерді құрастыр» Мақсаты: Зейіндікке баулу. .	Суреттер қарастыру «Ертегі кейіпкерлерін орналастыр»	Үстел-үсті ойыны: «Топтастыр»	«Қуыршақтарға үй құрастырамыз». Құрылыс материалдары нан үй құрылысын салуды қалыптастыру.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).				
Серуен	Қ/о «Шеңберге тез тұр» Ірі конструктор бөлшектерінен машинаны құрастыруды үйрету **(құрастыру)**	Кітаптар қарату. Ондағы суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту Балалармен жеке жұмыстар. Қ/О «Поезд»	Түрлі қалыптарға сәйкес келетін пішіндерді салып орналастыруды үйрету**(сенсорика)** Қ/о «Шеңберге тез тұр»	Қ/о «Күн мен жаңбыр» Ірі конструктор бөлшектерінен шананы құрастыруды үйрету **(құрастыру)**	Ірі конструктор бөлшектерінен машина мен шананы құрастырып салыстырып ойнату **(құрастыру** Еркін ойындар.
Балалардың үйге қайтуы	Үйде ойналатын ойындар ұсыну. Апта бойы алған әсерлерін сұрау, әңгімелесу дағдысын қалыптастыруды үйде жалғастыруды ұсыну.				

Тексерілді:
Әдіскер: Сабитова З.А. 14.02.22г
Тәрбиешілер: Зейделова Б.М.
Бердикожанова Ж.Ш

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Ақпан айы 2022 жыл IVапта

Мектепке дейінгі ұйымы: КМҚК «Балауса-Балғын» бөбекжай»
Топ: «Балдырған» II-кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 21.02-25.02.2022

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 21.02.2022	Сейсенбі 22.02.2022	Сәрсенбі 23.02.2022	Бейсенбі 24.02.2022	Жұма 25.02.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасап, смалик арқылы көңіл күйін көтеру. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру**(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, Үстел үсті ойыны «Ұқсасын тап», Дидактикалық ойын «Зейінді бол», «Кім жоқ?», «Бұл не?» Саусақ ойыны «Орманда», Суретпен әңгіме:«Салыстыр да, атын ата» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ойыншықтарды топтастыру, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау. **Балармен жеке жұмыс.**				
Таңертенгі жаттығу	Ақпан айына арналған таңертеңгі жаттығуларды жасату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгігпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. «Қошақаным қайда екен» әнін қойып балаларға түрлі қимылдар жасату. Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру. Жаңа ойыншықтар көрсетіп таныстыру. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Кім әкелді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**				

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**1.Сурет салу** Тақырыбы : «Аппақ қар» /Білім кидс/ БМ:Балаларды қылқалам ұшымен қағаздың бетіне нүктелерді қою сурет салу тәсілімен таныстыру. ДМ:Зейін, ойлау қабілеттерін, түйсігін дамыту. ТМ:Балалардың қылқаламмен жұмыс жасауға деген қызығушылықтарын қалыптастыру.Оқу қызметінде белсенділік көрсетуге және ұқыптылық пен төзімділікке тәрбиелеу **2. Құрастыру 0,5** **(II-IV апта)**	**1.Жаратылыстану** Тақырыбы:Қысқы ормандағы аңдар БМ:Балаларды жабайы аңдардың қысқы ормандағы тіршілік ерекшелігімен таныстыру. Әр жабайы аң туралы қысқаша түсінік бере отырып, олардан қорғану ережелеріне үйрету. ДМ:Балалардың зейінін, қабылдау қабілетін, танымын, тілін, эмоциялық сезімі мен түйсігін дамыту. ТМ:Балаларда жабайы аңдардың қысқы тіршілігіне деген қызығушылықты ояту және қамқорлыққа тәрбиелеу. **2. Музыка** (Пән жетекшінің жоспары б/ша)	**1.Көркем әдебиет 0.5** **(I-IIIапта)** «Аспазшы» Ермек Өтетілеуұлы Б/м: балаларға мамандықтар туралы түсінік беру. Д/м: әр мамандықтың өзінің қызығы мен қиындығы болатынын түсіндіру. Т/м: үлкендерді еңбегін бағалауға тәрбиелеу. **2.Сенсорика 0,5** **(II-IV апта)**	**1.Сөйлеуді дамыту 0,5** **(II-IV апта)** **2.Дене шынықтыру.** (Пән жетекшінің жоспары б/ша)	**1.Музыка 0,5** **(II-IV апта)** (Пән жетекшінің жоспары б/ша) **Жапсыру 0,25** **Мүсіндеу0,25** **(I-IIIапта)**

Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігін дамыту. Ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**				
Серуен	**Серуен № 1** **Қар тазалайтын машина жұмысын бақылау** **Мақсаты**:Ауыр жұмыстарды орындауға арналған машиналар ролі, олардың құрлысының ерекшеліктері туралы түсініктерін молайту, Техникаға деген қызығушылықтарын арттыру, үлкендер еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. **Бақылау барысы** **Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады** Бұл неткен күшті тазалаушы еді, Үйілген қарды Әп- сәтте жинап алды? (қар жинайтын машина) Қар жинайтын машинаның алдына үлкен қырғыш бекітілген. Алдыңғы және артқы дөңгелектерінің ортасында түкті дөңгелек щетка айналып тұрады. -Олар неден жасалған? (темір сымдардан) -Олардың қылшықтары қандай? (қатты, тікенекті) -Ал, мына екінші машинаға назар аударыңдар, оның несі бар? (үлкен екі	**Серуен № 2** **Қарды бақылау** **Мақсаты**: Қыс аяғында қарда болатын өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру **Бақылау барысы** **Көркем сөз «Қыс» Қ. Жұмағалиев** Қысым-ақ, қысым-ақ, Жібердің қысып-ақ. Қалмаспыз біз деген, Боранға ұшырап. Аппақ қар жауа бер, Риза ғой саған ел. Боратты-ау бораным, Қайратын қарай көр. Біз батыл баламыз, Жылы үй, қорамыз. Ақ ұлпа қарыннан, Аққала соғамыз. Халықта мынадай болжам бар: қарға қарқылдаса, қар жауады. Қыс мезгілі басталған уақыттан бастап, қалың қар түседі. Кейде жел соғып боран болады. Күндер жылжыған сайын қардың қабаты қалыңдай түседі. Кей уақытта оңтүстіктен жылы жел соғады. Бұндай жылы желден қар сәл босап ериді де, жылылықтан кейінгі аяздың әсерінен қар мұзқатқақа айналады. Бұл кезде жан-жануарларға қатты қар үстімен жүру, өз қоректерін табу қиынға соғады. Бұлан, бұғы,	**Серуен №3** **Желді бақылау** **Мақсаты**:өлі табиғат туралы білімдерін байыту;табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. **Бақылау барысы** **Ұйытқыма жел** Ө. Ақыпбекұлы Ұбырып-шұбырып, Ұйтқиды құбылып. Ұлпадай ақ қарды, Ұршықтай үйіріп. Ұлиды қасқырдай, Ұйтқып көз аштырмай. Екпіндей соғады, Алдыға бастырмай. **Баларға сұрақтар** -Бүгін ауа райы қандай? *(суық, желді, аязды)* -Қыс мезгілінде желді қалай атайды? *(боран,үскірік)* -Бүгін жел қай жақтан соғып тұр? Оны қалай анықтауға болады?(ком паспен, зырылдауықпен) -Жел қалай пайда болады? Тәрбиеші түсіндіреді: Күн ауаны бірдей жылытпайды, бір жерде-жылы, бір жерде-суық. Жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен түседі. Ауаның осындай қозғалысынан жел	**Серуен № 4** **Бұлттарды бақылау** **Мақсаты**:Аспан және оның біздің планетамызға әсері жайлы түсініктерін кеңейту; Аспан әлемінің әсемдігін қабылдауларын дамыту **Бақылау барысы** **Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады:** 1.Етек жеңі жиналмай, Дауыл тұрса дым қалмай. Түйдектеліп көшеді, Тоз-тоз болып өшеді. 2.Көшіп жүріп желменен, Сеуіп шықты тамшысын, Қыраттарға шөлдеген. Күн сайын күн өзендер мен көлдерді, теңіздер мен мұхиттарды қыздырады. Судың ұсақ түйіршіктері аспанға көтеріліп бірігеді де, аспанда бұлт пайда болады. Бұлттағы су түйіршіктері ауыр тартқан кезде, олар жерге жаңбыр болып төгіледі. Бұлттар – шарбы бұлттар және түйдек бұлттар деп аталады. Шарбы бұлттар ашық күндері пайда болады, ал, түйдек бұлттар жауын немесе қар жауарда	**Серуен №5** **Ауладағы ағаштарды бақылау** **Мақсаты** : ағаштар туралы білімдерін молайту,ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру **Бақылау барысы** **Көркем сөз «Қыс» Р.Сәбитұлы** Қар жамылды бақтарым Қыратым да, сайым да. Тағыпты қыс ақ қарын, Үкі етіп қайыңға. Бүркеніп ақ желекті, Жарқырайды маңайым. Ойға шомып теректің, Ақ шалыпты самайын. **Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:.** -Ағаштардың жазғы бейнесі қандай еді?? -Күзде қандай болды? -Қазіргі бейнесі қандай? -Кімнің есінде, ағаштар жапырағын неге түсіреді? -Айналадағы ағаштар бейнесі қандай? **Зерттеу жұмысы** Алма ағашы мен қайың ағашының қысқы тұрқын салыстыру **Еңбек** Жолды қардан тазалау. **Мақсаты**. аула қараушыға көмектесу. **Қимылды ойын:** «Кім аққалаға бұрын жетеді?» **Мақсаты:** доға астынан

	бұрандасы бар) -Бұл бұрандалар не істейді? (еттартқыш сияқты қарды іліп алады да, қарды алысқа лақтыратын желдеткіш астына апарады, ол қарды алысқа лақтырады) -Бұл машиналар несімен ұқсас? (екеуі де көшені қардан тазалайды) - қар тазалағыш машиналар көліктің қай түріне жатады? (арнайы көлік түрлеріне) **Зерттеу жұмысы** Қар тазалайтын машина мен «Жедел жәрдем» машинасын салыстыру **Еңбек** Аланды қардан тазалау, қардан көше қиылысын құрастыру *Мақсаты:*Бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға үйрету; Еңбек дағдыларына тәрбиелеу. **Қимылды ойын** «Аңшылар мен аңдар» **Мақсаты:** Қозғалыс дағдыларын бекіту; Батылдықтары мен ептіліктерін дамыту. **Жаттығу ойындары** «Көпірден өт». *Мақсаты:* тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру ***Халық болжамы: Мұржадан түтін аспанға тік көтерілсе, аяз болады***	тауешкілері өздерінің өткір тұяқтарымен қарды теуіп ояды, оның астынан мүктер мен жапырақтарды қиындықпен алып жейді. Кей кезде тұяқтарын мұзқатқақ қар қиып жаралайды. **Тәрбиеші сұрақтары.-** қыс айларын атаңдар? -қар бетінде пайда болған жұқа қабықша қалай аталады? -қар қатқақ қалай пайда болады? **Зерттеу жұмысы** Балабақша ауласындағы ашық алаңдағы және қоршау жиегіндегі қар қалыңдығын өлшеу. -Қай жерде қар қалың, қай жерде жұқа. Неге? **Еңбек** Сырғанаққа су себу Мақсаты: суық суды ақырын алып жүруге, сырғанақ бетіне тегіс себуге үйрету. **Қимылды ойын** «Екі аяз». **Мақсаты:** кеңістікті бағдарлай білуге жаттықтыру. **Жаттығу ойындары** «Кім алысқа секіреді?». **Мақсаты:** белгіленгшен жерге дейін екі аяқпен секіру. Халық болжамы: Қар көп болса, нан мол болады.	пайда болады. **Еңбек** Жолдарды, орындықтарды, ұсақ архитектуралық мүсіндерді қардан тазалау. Мақсаты: бір-біріне достық көмек беруге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. **Қимылды ойын** «Мысық пен тышқан». Мақсаты:Ептіліктері мен жылдамдықтарын дамыту;Әр бағытта жүкіруге жаттықтыру **Жаттығу ойындары** Қозғалыстарын дамыту. *Мақсаты:* қар лақтыру кезінде көз мөлшерлей білулерін дамыту, лақтыру кезінде қол сүйектерін белсенді қозғалта отырып, нысана□а тигізу Халық болжамы: Мысық жылы жерді паналаса, қатты аяз болады	пайда болады. **Балаларға сұрақтар.** -Бұлттар қандай болады? -Олар қайдан пайда болады? -Бұлттар нелерге ұқсайды? **Зерттеу жұмысы** Апспаннан атқа немесе түеге ұқсас бұлтты табу. Шарбы бұлттар мен түйдек бұлттарды салыстыру. **Еңбек** Жолдар мен сырғанақтарды қардан тазалау.. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге үйрету, жұмыс нәтижесіне қуана білу. **Қимылды ойын:** «Қар үстіндегі хоккей». Мақсаты: шайбаны қақпаға домалатуға үйрету. **Жаттығу ойындары** Қимылдарын дамыту. Мақсаты:Сырғанауға үйрету;Сырғанау кезінде отыруға үйрету.	еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. (**дербес қимыл әрекеті).**				

Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолынды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Күндізгі ұйқы	Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(көркем әрекет)**				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**				
Бесін ас	Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**). Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Өз таңдауымен нан немесе ыдыс түрін мүсіндеу немесе фланелеграфқа жапсыру**(мүсіндеу, жапсыру)**	Үйшіктерді еден үстінде ірі құрылыс материалдарынан құрастыру **(Құрастыру)** Құрастырылған үйшікті қай аңның үшігі екенін суретін жапсырумен белгілеу **(Жапсыру)**	Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу **(құрастыру)** Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін видиоларды көру **(музыка)** Өз қалауымен домалақтау, жалпақтау әдісімен жасалатын заттарды мүсіндеуге мумкіндік беру **(Мүсіндеу)**	Ересектің көмегімен таныс тақпақты қосыла айту дағдысын дамыту**(көркем әдебиет)** Әртүрлі көлемдегі заттарды атауын үйретіп, санын біреу-көп деп,ажыратуын дамыту **(сенсорика)**	Өз таңдауымен нан немесе ыдыс түрін фланелеграфқа жапсыру, жинап қою дағдысын дамыту **(жапсыру)**
Балалармен жеке жұмыс	Үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы	Қуыршаққа доп суретін салу, сазбалшықтан үлкен кіші доптарды жасау Фланелеграфтағы қуыршақ қолындағы табаққа күлше	Үй жануарларымен жабайы аңдарды бөліп сипаттауды үйрету .**(қоршаған ортамен таныстыру)**	Отбасы жайлы суреттер көрсетіп олар кімдер не істеді жайлы сұрақтарға жауап беру дағдысын дамыту **(сөйлеуді дамыту)**	Үстел үсті құрастырмалы материалдардан бөпе қуыршаққа кереует жасап орналастыру **(сенсорика)**

	құрылыс түрін таңдап жасату **(құрастыру)**	түрлерін жапсырып, орналастыру дағдыларын қалыптастыру **(сурет салу, мүсіндеу жапсыру)**		**(көркем әдебиет)**	
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту**).				
Серуен	Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел. Қарды домалату ойнау және эксперимент жасату. **(қоршаған ортамен таныстыру)** Түрлі пішіндерге қар сатып толтыру және оларды тақта бетіне орналастыру **(сенсорика)**	Қоныр түсті қағаз бетіне таяқшамен таңба басу әдісімен қар түйірлерін салу **(сурет салу)** Дидактикалық ойын «Сынарын тап»	Қыс жайлы суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту **(көркем әдебиет)** Балалардың дербес әрекеттері Қар қалай ериды зерттеу жұмысын ұйымдастыру **(қоршаған ортамен таныстыру)**	Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге күтім жасауды үйрету**(қоршаған ортамен таныстыру)** Қимылды ойын «Кім жылдам»	Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге күтім жасауды үйрету **(қоршаған ортамен таныстыру)** Еркін ойындар
Балалардың үйге қайтуы	Жеті лақ, үйшік мультфилімін бірге тамашалауға кеңес беру. Ертегілер кітабын бірге қарауға кеңес беру. Баланың үйдегі күн тәртібінде ойынның маңыздылығы тақырыбында әңгімелесу.				

Тексерілді:
Әдіскер: Сабитова З.А. 21.02.22 ж
Тәрбиешілер: Зейделова Б.М.
Бердикожанова Ж.Ш

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Наурыз айы 2022 жыл I апта

Мектепке дейінгі ұйымы: КМҚК «Балауса-Балғын» бөбекжай»
Топ: «Балдырған» II-кіші тобы
Балалардың жасы: 2 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 28.02-04.03.2022

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 28.02.2022**	**Сейсенбі 01.03.22**	**Сәрсенбі 04.03.2022**	**Бейсенбі 02.03.2023**	**Жұма 03.03.2023**
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасап, смалик арқылы көңіл күйін көтеру. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру**(сөйлеуді дамыту).**				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, Үстел үсті ойыны: «Ұқсасын тап». Дидактикалық ойын :«Зейінді бол», «Кім жоқ?», «Бұл не?» Саусақ ойыны : «Орманда», Суретпен әңгіме:«Салыстыр да, атын ата» Өнер орталығында сурет салғызу, суретті кітапшаларды бояту, ойыншықтарды топтастыру, кітаптарды қарату.Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылату. Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, әр баланы басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру. **Балалармен жеке жұмыс.**				
Таңертенгі жаттығу	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды жасату (**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).**				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгігпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. «Көктем» әнін қойып балаларға түрлі қимылдар жасату. Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру. «Көктем» тақырыбында жеке әңгімелер жүргізу. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Не істейді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату және т. б. **(сөйлеуді дамыту)**				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	**1.Сурет салу** **Тақырыбы :** «Жұлдыздар» /Білім кидс/ БМ:Балаларды қылқалам түгін бояуға малып, "көк аспанды" қылқаламның ұшымен біркелкі қимылдар жасай отырып, нүкте қылып дақтар басып, толық бояуға үйрету. ДМ:Балалардың бейнелеу әрекетінде қолдарының ұсақ моторикасын, көзбен жұлдыздардың пішіні мен түстерін қабылдауы, байқағыштығы мен елестету қабілетін дамыту. ТМ:Оқу қызметінде балаларды достық қарым-қатынасқа және адамгершілік ережелері мен шыдамдылыққа тәрбиелеу	**1.Жаратылыстану** **Тақырыбы :** «Көктем шақырады» БМ:Балаларға көктем мезгілі туралы негізгі ұғымдар беру; көктем мезгіліне тән табиғат құбылыстарын байқап, олардың адам өміріне тигізер ықпалы туралы түсініктерін қалыптастыру. ДМ:Балалардың зейінін, қабылдауы мен қабілетін, танымын, тілін, эмоциялық сезімі мен түйсігін дамыту. ТМ:Балаларда көктем мезгіліне деген қызығушылықты ояту және табиғатты қорғауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **2. Музыка** (Пән жетекшінің жоспары б/ша)	**1.Сенсорика 0.5 (I- апта)** **2.Дене шынықтыру. (Пән жетекшінің жоспары б/ша)**	**1.Сөйлеуді дамыту 0,5 (I- апта)** **«Бесік»** Б/м:Балалардың бесік туралы білімдерін кеңейту. Д/м:Бесік жырын тыңдату,сөздердегі дауыссыз дыбыстарды анық айтуға,тыңдалған бесік жырын қайталап айтуға үйрету. Т/м:Тиым сөздерді есте сақтауға тәрбиелеу. **2.Дене шынықтыру.** (Пән жетекшінің жоспары б/ша)	**1.Музыка 0,5 (I апта)** (Пән жетекшінің жоспары б/ша) **2.Дене шынықтыру.** (Пән жетекшінің жоспары б/ша)

	2. Құрастыру 0,5 (I- апта) «Құлыншаққа қоршау» БМ:.Балалардың құрылыс материалы кірпіш туралы түсініктерін дамыту; оның қасиеттері жөнінде алған білімдерін толықтыру; кірпіштен құлыншаққа қоршау жасауға үйрету. ДМ:.Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін тану мүмкіндіктерін әрі қарай арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, танымы мен байқағыштығын дамыту. ТМ:Балалардың құрылыс материалдарымен жұмыс жасауға деген қызығушылықтарын ояту; үй жануарларына қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу.				

Серуенге дайындық	Дербес қимыл белсенділігін дамыту. Ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен	**Серуен №5** **Ауладағы ағаштарды бақылау** **Мақсаты** : ағаштар туралы білімдерін молайту;ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру **Бақылау барысы** **Көркем сөз «Қыс» Р.Сәбитұлы** Қар жамылды бақтарым Қыратым да, сайым да. Тағыпты қыс ақ қарын, Үкі етіп қайыңға. Бүркеніп ақ желекті, Жарқырайды маңайым. Ойға шомып теректің, Ақ шалыпты самайын. **Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:.** -Ағаштардың жазғы бейнесі қандай еді?? -Күзде қандай болды? -Қазіргі бейнесі қандай? -Кімнің есінде, ағаштар жапырағын неге түсіреді? -Айналадағы ағаштар бейнесі қандай? **Зерттеу жұмысы** Алма ағашы мен қайың ағашының қысқы тұрқын салыстыру **Еңбек** Жолды қардан тазалау. **Мақсаты:** аула қараушыға көмектесу. **Қимылды ойын:** «Кім аққалаға бұрын жетеді?» Мақсаты: доға астынан еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру.	**Серуен № 1** **Маусымдық өзгерістерді бақылау** **Мақсаты:** Табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру,айнала қоршаған ортадан көктем өзгерістерін көре білуге үйрету,табиғатты бақылауға деген қызығушылығын арттыру, қамқор болуға тәрбиелеу. **Бақылау барысы:** **Тәрбиеші:** Балалар, мені тыңдаңдар, қазір мен сендерге өлең оқимын, сендер жасырынған сөздерді табыңдар. Жауған қарымен, ... құнар береді. (қыс) Үлкендер қарбалас, ... дән себеді. (көктемде) Бақ пенен бақшаны, ... баптап өсіреді. (жазда) Дихандар жемісін, ... жинап береді. (күзде) Балаларға сұрақтар: -Өлеңде қандай жыл мезгілдері туралы айтылған? -Қазір жылдың қай мезгілі? -Көктемнің алдында қай мезгіл болды? -Көктемнің келуімен табиғатта қандай	**Серуен № 2** **Қайың ағашын бақылау** **Мақсаты**: қайың ағашы туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту. **Бақылау барысы:** **Көркем сөз «Жас шыбық» А. Меңдібай** Көшетін әкеп қайыңның, Отырғыздым аулаға. Жіп-жіңішке жас шыбық, Өспейді деп ойлама. Жас шыбық өсіп толады, Әсем қайың болады, Суғарып, күтіп, баптасам. Қайың көп ағаштардың ішіндегі сұлу ағаштардың бірі. Оның аппақ діңі жұқа қабықпен қапталған. Қайың қыс шыққан бойда бүр жарып шыға келеді. Халық әндері мен ертегілеріне қайыңды жиі қосқан. Оны сүйіспеншілікпен «ақ қайың» деп атаған. Ерте кезде жолаушы жүретін үлкен жолдардың бойына қайың еккен. Қайыңның жұмсақ қабығынан жеңіл шабата (аяқ киім), жолаушы жүргенде киімдері мен тамағын салатын себеттер тоқыған. **Тәрбиеші сұрақтары:** -Қандай ағаш	**Серуен № 3** **Бұршақты бақылау** ***Мақсаты***:«Бұршақ» түсінігімен таныстыру; Табиғатта неге бұршақ жауатыны туралы түсінік беру;есте сақтаулары мен зейіндерін белсендіру. **Бақылау барысы** **Көркем сөз:** **«Бұршақ жауғанда»** А. Меңдібай Аспанды бұлт торлап, Күн кенет бұзылды. Жел тұрып, сап-салқын, Жауын исі сезілді. Айнала тарсылдап, Ақ моншақ төгілді. Жер беті ағарып, Мұз болып көрінді. Моншақты ұстап ап, Көргім кеп барады- Қолымда көп моншақ , Су болып ағады. **Тәрбиеші әңгімесі:** күннің шуағы молайып, жер қызған кезде су буланып ыстық ауамен жоғары көтеріледі. Жерден жоғары кеңістік үнемі салқын, сондықтан да су тамшылары мұзға айналады. Жауын жауған уақытта кейбір мұздың ірі түйіршіктері еріп үлгермейді де, жерге мұз күйінше құлайды. Табиғаттың бұл құбылысы «бұршақ» деп аталады.Бұршақ көбіне жаңбырмен араласып жауады. Жерге	**Серуен № 4** **Итті бақылау** **Мақсаты**: жануарлардың көктемгі өмірі туралы түсініктерін жүйелендіру; *жануарлар тіршілігіндегі өзгерістер себебін іздей білуге үйрету, өздерінің үйіндегі жануарларына деген жауапкершілік сезімдерін дамыту.* **Бақылау барысы** **Көркем сөз «КҮШІГІМ»** А. Меңдібай Кіп-кішкентай күшігім, Сүйкімдісін өзінің. Еркелейді ойнақтап, Жылтырын-ай көзінің. Оратылып аяққа, Бір сәт тыным таппайды. Кел, достарым, жасқанба, Күшігім менің қаппайды **Балаларға сұрақтар.** -Бұл күшік сендерге ұнай ма? - Күшікке қандай ат лайық деп ойлайсыңдар? - Күшіктің көңіл-күйі қандай? - Не себепті көңіл-күйі көтеріңкі деп ойлайсыңдар? - Сендерше күшіктер көбіне немен айналысқанды жақсы көреді? Үйде асырауға алған иттер өз иесін өте жақсы көреді. Ол онымен үнемі бірге болады, иесі үшін

		өзгерістер болады? -Қазір айналадан қандай өзгерістерді көруге болады? **Зерттеу жұмысы:** Балабақша ауласынан күннің жылуымен еріген қар суын (қар айналасындағы ылғалды жер) табу, оның неге ерігенін әңгімелеу. (көктемде күн шуағы молаяды, күн көзі көп түскен жердегі қар жібиді де, ылғал пайда болады) **Еңбек :** Гүл егетін жерді тазалау. Мақсаты: Еңбекке деген оң көзқарастарын тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. **Жаттығу ойыны:** Орнында тұрып биіктікке секіру. Мақсаты: секіре білу дағдыларын дамыту, жылдамдықтары мен күштерін есептей білу.	түрлерін білесіңдер? -Біздің ауламызда қандай ағаштар өседі? -Ағаштар жылдың қай мезгілінде көктейді? -Әуелі ағаш бұтақтарында не пайда болады? -Қазір аулаға ағаш көшетін отырғызуға бола ма? -Ағаштар жақсы өсуі үшін біз оларға не істеуіміз керек? Зерттеу жұмысы Қайың ағашы мен басқа ағаштарды салыстыру: оларды қандай айырмашылықтары арқылы ажыратуға болады? **Еңбек** Ауланы өткен күзден қалған қоқыстан тазалауға көмектесу Мақсаты:өз еріктерімен топқа бөлінуге, өз еріктерімен еңбек етуге баулу. **Қимылды ойын:** «Орамал тастамақ» Мақсаты: - ойын шартын түсініп ойнауға, аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу. Жаттығу ойыны Затты нысанаға лақтыру. Мақсаты: қол күштерін, көз мөлшерін дамыту.	түскен бұршақтар жылы ауамен тез еріп кетеді. Көлеңке, салқын жерде ұзақтау жатады. **Зерттеу жұмысы:** Мұз түйіршіктерінің қай жерде тез еритінін анықтау: ашық жерде ме, әлде бұта түбінде, үйдің көлеңке бетінде ме? **Еңбек :** Аула қараушыға кескен бұталарды ауладан жинап алуға көмектесу. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі аяқтауға, еңбек нәтижесіне қуануға үйрету. **Қимылды ойын:** «Ақ серек-көк серек». **Мақсаты:** ойын шартын сақтап ойнауға, құрбыластарын тыңдай білуге, олармен санасуға баулу. **Жаттығу ойыны:** «Кім алда?». **Мақсаты:** бірінің соңынан бірі, қатар сақтап, бір ырғақпен жүкіруге үйрету.	қандай да бір қиыншылыққа төтеп береді. Ол өз иесін ешуақытта сатпайды. Ит - адамның сенімді досы. Бірақ, біздер де оны күту, дұрыс тамақтандыру керек екенін ұмытпауымыз керек. Яғни біз өз күшігімізді немесе мысығымызды, өзімізге тиесілі қандай да бір жануарымыз болса оған қамқор болуымыз керек екенін естен шығармағанымыз, оларды сүйе білгеніміз жөн. **Еңбек:** Жер қазу жұмыстарына қатысу. Мақсаты: -ұжыммен жұмыс істей білулерін тиянақтау; -еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, бастаған істі аяқтауға деген құлшыныстарын арттыру. **Қимылды ойын:** «Қасқыр қақпан». **Мақсаты:** -белгі бойынша әрекет етуге баулу; -жылдамдық, байқампаздық дағдыларын дамыту. **Жаттығу ойыны:** Қимылдарын дамыту. Мақсаты: секіру техникасын меңгерту (жіппен секіруге жаттықтыру).
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. **(дербес қимыл әрекеті).**				

Түскі ас	Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттарымен таныстыруды жалғастыру (**мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады) үйрету. **(қоршаған ортамен таныстыру)**				
Күндізгі ұйқы	Киімдерді шкафқа немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Бесік жырын айтып беру **(көркем әдебиет)**				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).				
Бесін ас	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру. **(мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
